АНАЛИТИЧЕСКАЯ СПРАВКА
по итогам внутреннего анализа коррупционных рисков
в ГКП на ПХВ «Городская поликлиника № 14» акимата города Астаны

В соответствии с Законом Республики Казахстан «О противодействии коррупции» от 18.11.2015 №410-V, Типовыми правилами проведения внутреннего анализа коррупционных рисков, утвержденных приказом Председателя Агентства Республики Казахстан по делам государственных службы и противодействию коррупции от 19 октября 2016 года № 12, а также, Методической рекомендацией по проведению внутреннего анализа коррупционных рисков утвержденной приказом Председателя Агентства Республики Казахстан по противодействию коррупции (Антикоррупционной службы) от 30 декабря 2022 года №488, приказом ГКП на ПХВ «Городская поликлиника № 14» акимата города Астаны «О проведении внутреннего анализа коррупционных рисков» от 20 мая 2026 года № 163-Ө, с 1 июня по 13 июля 2026 года в составе рабочей группы – председателя рабочей группы Тапенова К.Т., членов рабочей группы – Ильясовой Э.Т, Кадыровой А.А., Ермагамбетовой Г.А., Мансур Р.Е., Калхановой А.Р., проведен внутренний анализ коррупционных рисков по следующим направлениям:

1. Выявление коррупционных рисков в нормативных правовых актах, затрагивающих деятельность ГКП на ПХВ «Городская поликлиника № 14» акимата города Астаны (далее - Предприятие).

2. Выявление коррупционных рисков в организационно-управленческой деятельности Предприятия.

1. Выявление коррупционных рисков в нормативно-правовых актах, регламентирующих деятельность Предприятия.

Предприятие при осуществлении своей деятельности руководствуется следующими нормативными правовыми актами:

- Конституцией Республики Казахстан;
- Законом Республики Казахстан «О противодействии коррупции» от 18 ноября 2015 года № 410 V-ЗРК;
- Законом Республики Казахстан «О государственных закупках» от 1 июля 2024 года № 106-VIII ЗРК;
- Кодексом Республики Казахстан от 7 июля 2020 года № 360-VI ЗРК «О здоровье народа и системе здравоохранения»;
- Трудовым Кодексом Республики Казахстан;
- Административным процедурно-процессуальным кодексом Республики Казахстан от 29 июня 2020 года № 350-VI;
- Приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от 13 ноября 2020 года № ҚР ДСМ-194/2020 «Об утверждении Правил прикрепления физических лиц к организациям здравоохранения, оказывающим первичную медико-санитарную помощь»;
- Приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от 24 августа 2021 года № ҚР ДСМ-90 «Об утверждении Правил оказания первичной медико-санитарной помощи»;

- Приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от 7 апреля 2022 года № ҚР ДСМ-34 «Об утверждении Положения о деятельности врачебно-консультативной комиссии»;

- Приказ и.о. Министра здравоохранения Республики Казахстан от 30 марта 2023 года № 49 «Об утверждении Стандарта организации оказания первичной медико-санитарной помощи в Республике Казахстан»;

- Приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от 7 июня 2023 года № 106 «Об утверждении стандарта оказания медицинской помощи в стационарозамещающих условиях в Республике Казахстан».

В вышеуказанных нормативных правовых актах, регулирующих деятельность Предприятия, существенных норм и дискреционных полномочий способствующих совершению систематических коррупционных правонарушений рабочей группой не выявлены.

2. Выявление коррупционных рисков в организационно-управленческой деятельности Предприятии проводилось по следующим вопросам:

Подбор персонала в Предприятии осуществляется преимущественно посредством портала Еңбек.kz. В случаях острого дефицита кадров дополнительно используются рекрутинговые сайты, специализированные порталы, а также методы прямого поиска квалифицированных специалистов.

При приеме на работу проводится проверка представленных документов в соответствии с требованиями Трудового кодекса Республики Казахстан, а также на соответствие квалификационным и иным требованиям, установленным нормативными правовыми актами в сфере здравоохранения.

Организация обучения и повышения квалификации работников осуществляется согласно утвержденному графику. До истечения срока действия сертификатов специалистов сотрудники заблаговременно уведомляются в устной и (или) письменной форме о необходимости прохождения соответствующих процедур для получения нового сертификата.

Практика командного перемещения сотрудников, а также проявления аффилированности при приеме на работу в Предприятии не допускаются.

Факты увольнения работников в связи с совершением коррупционных правонарушений отсутствуют.

За анализируемый период к дисциплинарной ответственности, не связанной с коррупционными правонарушениями, привлечено 25 работников.

По результатам внутреннего анализа коррупционных рисков конфликт интересов в деятельности Предприятия не выявлен. Отдельные случаи наличия родственных связей между работниками имеются, однако факты непосредственного подчинения по схеме «подчиненный – прямой руководитель» отсутствуют.

При трудоустройстве каждый работник подписывает обязательство о неразглашении конфиденциальной информации, включая персональные данные пациентов, не содержащие сведений, составляющих государственную тайну.

Доступ к информационным системам и электронным ресурсам осуществляется посредством индивидуальных логинов и паролей.

Анкетирование работников по вопросам противодействия коррупции проводится на добровольной основе. В целях совершенствования системы предупреждения коррупционных рисков целесообразно рассмотреть вопрос о проведении ежегодного анкетирования персонала на постоянной основе. Кроме того, рекомендуется организовывать опросы пациентов в помещениях поликлиники, а также привлекать представителей антикоррупционных органов для проведения разъяснительной работы среди работников.

Дополнительной мерой по повышению объективности оценки коррупционных рисков может стать обязательное анкетирование увольняющихся работников, поскольку после прекращения трудовых отношений существенно снижается вероятность влияния со стороны работодателя и повышается достоверность получаемой информации.

В целом анализ кадровых процессов свидетельствует о наличии установленных процедур подбора, приема и сопровождения персонала, направленных на обеспечение прозрачности кадровых решений и минимизацию коррупционных рисков.

Также, в ходе внутреннего анализа коррупционных рисков определен перечень должностей, подверженных коррупционным рискам, в соответствии с Правилами проведения внутреннего анализа коррупционных рисков. К указанным должностям отнесены должности, связанные с осуществлением организационно-распорядительных и административно-хозяйственных функций, проведением государственных закупок, управлением финансовыми средствами, кадровыми процедурами, а также принятием решений, затрагивающих права и законные интересы физических и юридических лиц. В отношении работников, занимающих данные должности, на постоянной основе реализуются меры по предупреждению коррупционных рисков, включающие проведение разъяснительной работы по вопросам противодействия коррупции, соблюдение антикоррупционных ограничений, мониторинг возможного конфликта интересов, контроль соблюдения норм деловой этики и обеспечение прозрачности принимаемых решений.

По результатам проведенного анализа фактов использования должностных полномочий в личных интересах, предоставления необоснованных преимуществ, а также иных коррупционных проявлений не выявлено.

По оказанию государственных услуг:

Оказание государственных услуг осуществляется в систематизированном электронном формате, что обеспечивает прозрачность процессов, протекающих в Предприятии.

В части оказания государственных услуг Предприятие предоставляет населению государственные услуги в соответствии с Законом Республики Казахстан «О государственных услугах», Кодексом Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения», а также иными подзаконными нормативными правовыми актами Министерства здравоохранения Республики Казахстан.

Анализ нормативно-правовых актов, регулирующих деятельность по оказанию государственных услуг, показал, что дискреционные полномочия, а также нормы, способствующие совершению коррупционных правонарушений, не выявлены.

С 1 июля 2025 года по 30 мая 2026 года количество оказанных государственных услуг – всего:	**380595**
Выдача справки с медицинской организации, оказывающей первичную медико-санитарную помощь	613
Выдача листа о временной нетрудоспособности	2556
Выдача справки о временной нетрудоспособности	7316
Выдача направления пациентам на госпитализацию в стационар	4181
Предоставление лекарственных средств, специализированных лечебных продуктов, изделий медицинского назначения отдельным категориям граждан	37499
Выдача справки о допуске к управлению транспортным средством	132
Выдача заключения о нуждаемости в санаторно-курортном лечении	517
Прохождение предварительных обязательных медицинских осмотров	720
Оказанных в электронном виде через информационные системы услугодателя (за исключением веб-портала "электронного правительства" www.egov.kz, www.elicense.kz),	380595
Прикрепление к медицинской организации, оказывающей ПМСП	4326
Запись на прием к врачу	320832
Вызов врача на дом	1905

Данные услуги оказываются путем прямого обращения услугополучателей в Поликлинику.

Обращений физических и юридических лиц:

По результатам проведенного внутреннего анализа коррупционных рисков нарушений требований законодательства Республики Казахстан и внутренних нормативных документов при рассмотрении обращений физических и юридических лиц за анализируемый период не выявлено.

Рассмотрение обращений осуществляется в установленном порядке, в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан, с соблюдением установленных сроков и процедур.

Соблюдение норм Этического кодекса и антикоррупционного законодательства:

В Предприятии на постоянной основе проводиться работа по соблюдению Этического кодекса и антикоррупционного законодательства. В анализируемый период был выявлен случаи, и соответственно проведена внутренняя проверка и заседания дисциплинарной комиссии, по итогам которой приняты меры дисциплинарного воздействия в отношении работника в части нарушений этики и деонтологии, после чего, повторного нарушения со стороны данного работника не проявлялось. На момент проведения анализа, подтверждений случаев возникновения иных рисков не обнаружены.

Реализация разрешительных функций: отсутствуют. Имеются лицензий.

Реализация контрольно-ревизионных функций: отсутствуют. Осуществляется контроль за рациональным использованием денежных средств, закупа и использования товарно-материальных ценностей, основных средств.

Освоение и распределение финансовых средств.

В целях обеспечения прозрачности и подотчетности использования бюджетных средств, выделяемых из республиканского бюджета, в Поликлинике ежегодно формируется и утверждается годовой план государственных закупок товаров, работ и услуг. Утвержденный план размещается на веб-портале государственных закупок в установленном законодательством порядке и является общедоступным для всех заинтересованных лиц.

Государственные закупки осуществляются исключительно в соответствии с утвержденным годовым планом посредством веб-портала государственных закупок. Все процедуры закупок, включая подготовку и утверждение конкурсной документации, размещение объявлений, рассмотрение заявок потенциальных поставщиков, оформление протоколов вскрытия заявок и подведение итогов закупок, проводятся в электронном формате через веб-портал государственных закупок.

При осуществлении закупок товаров, работ и услуг для обеспечения непрерывной деятельности Поликлиника руководствуется следующими нормативными правовыми актами:

Законом Республики Казахстан «О государственных закупках» от 1 июля 2024 года № 106-VIII ЗРК;

Правилами осуществления государственных закупок, утвержденными приказом Министра финансов Республики Казахстан от 9 октября 2024 года № 687;

Правилами организации и проведения закупа лекарственных средств, медицинских изделий и специализированных лечебных продуктов в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи, дополнительного объема медицинской помощи для лиц, содержащихся в следственных изоляторах и учреждениях уголовно-исполнительной (пенитенциарной) системы, за счет бюджетных средств и (или) в системе обязательного социального медицинского страхования, фармацевтических услуг утвержденных приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от 7 июня 2023 года № 110.

В ходе внутреннего анализа коррупционных рисков проведена оценка процессов планирования, организации и осуществления государственных закупок, а также контроля исполнения договорных обязательств поставщиками.

Установлено, что процедуры закупок регламентированы действующим законодательством и осуществляются посредством автоматизированных электронных систем, предусматривающих прозрачность закупочных процедур и возможность контроля на всех этапах их проведения. Фактов, свидетельствующих о наличии системных нарушений законодательства о государственных закупках, злоупотребления должностными полномочиями либо иных коррупционных проявлений, не выявлено.

Вместе с тем анализом установлены потенциальные коррупционные риски, связанные с формированием технических спецификаций, определением потребности в закупаемых товарах, работах и услугах, а также осуществлением

контроля за надлежащим исполнением поставщиками договорных обязательств. Указанные риски носят потенциальный характер и требуют постоянного мониторинга со стороны ответственных должностных лиц.

За анализируемый период Предприятием заключено 166 договоров о государственных закупках товаров, работ и услуг.

Из общего количества заключенных договоров один договор был расторгнут в одностороннем порядке в связи с ненадлежащим исполнением поставщиком принятых на себя обязательств. По данному факту Предприятием своевременно приняты меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан. Решением специализированного межрайонного экономического суда от 4 июня 2026 года поставщик признан недобросовестным участником государственных закупок.

Данный факт свидетельствует о функционировании механизмов контроля исполнения договорных обязательств и принятии мер реагирования при выявлении нарушений со стороны поставщиков. Признаков коррупционной составляющей в рассматриваемом случае не установлено.

По результатам проведенного внутреннего анализа коррупционных рисков в сфере освоения и распределения финансовых средств, а также организации и осуществления государственных закупок системные коррупционные риски не выявлены. Вместе с тем в целях предупреждения возможных коррупционных проявлений рекомендуется продолжить работу по усилению контроля за формированием технических спецификаций, обоснованностью планирования закупок и мониторингом исполнения договорных обязательств поставщиками.

Результаты общественного мониторинга деятельности Предприятие:

6 февраля 2026 года Центральным штабом общественного контроля проведен общественный мониторинг деятельности Предприятия. По результатам мониторинга установлено, что поликлиника в полном объеме выполняет функции по медицинскому обслуживанию населения.

В рамках мониторинга был проведен устный опрос посетителей и пациентов поликлиники по вопросам уровня медицинского обслуживания, а также соблюдения законных интересов граждан, в том числе пациентов с хроническими заболеваниями. По результатам опроса жалобы и нарекания со стороны посетителей отсутствуют.

Отзывы пациентов о работе руководства и медицинского персонала в целом носят положительный характер, что свидетельствует о надлежащем уровне организации медицинской помощи и снижении потенциальных коррупционных рисков, связанных с качеством оказания услуг и взаимодействием с пациентами.

Выводы:

По результатам проведенного внутреннего анализа коррупционных рисков в деятельности Предприятии установлено следующее.

Нормативные правовые акты, регламентирующие деятельность Предприятия, в целом не содержат положений, создающих условия для возникновения коррупционных рисков. Дискреционные полномочия, способные способствовать совершению систематических коррупционных правонарушений, не выявлены.

В сфере организационно-управленческой деятельности сформированы необходимые механизмы, направленные на обеспечение прозрачности кадровых процедур, соблюдение требований трудового законодательства, предупреждение конфликта интересов и защиту конфиденциальной информации. Фактов использования должностных полномочий в личных интересах, предоставления необоснованных преимуществ, а также иных коррупционных проявлений за анализируемый период не установлено.

Оказание государственных услуг осуществляется преимущественно в электронном формате посредством государственных информационных систем, что минимизирует непосредственный контакт между услугодателями и услугополучателями, обеспечивает прозрачность процедур и снижает коррупционные риски.

При рассмотрении обращений физических и юридических лиц нарушений требований законодательства Республики Казахстан, а также внутренних нормативных документов не выявлено. Рассмотрение обращений осуществляется в установленные законодательством сроки с соблюдением требований Административного процедурно-процессуального кодекса Республики Казахстан.

В сфере соблюдения требований антикоррупционного законодательства и норм Этического кодекса проводится системная профилактическая работа. Выявленный в анализируемом периоде единичный случай нарушения норм этики рассмотрен в установленном порядке, к работнику применены меры дисциплинарного воздействия. Повторных нарушений не допущено.

Анализ процессов планирования и проведения государственных закупок показал, что закупочная деятельность осуществляется посредством веб-портала государственных закупок в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан. Системных нарушений законодательства о государственных закупках и коррупционных факторов не установлено. Вместе с тем сохраняются потенциальные коррупционные риски, связанные с формированием технических спецификаций, определением потребности в закупаемых товарах, работах и услугах, а также контролем исполнения поставщиками договорных обязательств, что требует постоянного внутреннего контроля.

Результаты общественного мониторинга и отзывы пациентов свидетельствуют о положительной оценке деятельности Предприятия, отсутствии жалоб на коррупционные проявления и достаточном уровне открытости и качества оказываемой медицинской помощи.

В целом результаты внутреннего анализа позволяют сделать вывод, что в деятельности ГКП на ПХВ «Городская поликлиника № 14» акимата города Астаны системные коррупционные риски не выявлены. Вместе с тем отдельные процессы требуют дальнейшего совершенствования в целях предупреждения потенциальных коррупционных проявлений и повышения эффективности системы внутреннего контроля.

Рекомендации:

1. Усилить профилактическую работу по предупреждению коррупции посредством проведения обучающих мероприятий, семинаров, разъяснительной

работы и информирования работников об изменениях антикоррупционного законодательства.

2. Организовать проведение ежегодного анонимного анкетирования работников по вопросам наличия коррупционных рисков, уровня антикоррупционной культуры и соблюдения принципов добропорядочности, а также внедрить практику анкетирования работников при увольнении.

3. Продолжить мониторинг соблюдения антикоррупционных ограничений, своевременно выявлять и урегулировать возможные конфликты интересов, а также осуществлять контроль за соблюдением норм служебной этики.

4. Усилить внутренний контроль при формировании технических спецификаций, планировании государственных закупок, определении потребности в товарах, работах и услугах, а также при исполнении договорных обязательств поставщиками.

5. Продолжить проведение разъяснительной работы с членами конкурсных комиссий, ответственными работниками финансовой, кадровой и государственных закупок по вопросам соблюдения требований законодательства о государственных закупках и противодействии коррупции.

Рабочая группа:

_____ Тапенова К.Т.

_____ Ильясова Э.Т.

_____ Кадырова А.А.

_____ Ермагамбетовой Г.А.

_____ Мансур Р.Е.

Комплаенс-офицер **А. Калханова**

С результатами проведенного анализа ознакомлен:

Директор **Кусаинов Г.Х.**

Астана қаласы әкімдігінің «№ 14 қалалық емхана» ШЖҚ МКК-дағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша аналитикалық анықтама

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №488 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес, Астана қаласы әкімдігінің «№ 14 қалалық емхана» ШЖҚ МКК-ның 2026 жылғы 20 мамырдағы №163-Ө бұйрығы негізінде 2026 жылғы 1 маусым мен 13 шілде аралығында жұмыс тобы құрылып, оның құрамында жұмыс тобының төрағасы – Тапенов К.Т., жұмыс тобы мүшелері – Ильясова Э.Т., Қадырова А.А., Ермагамбетова Г.А., Мансур Р.Е., Калханова А.Р. сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді. Талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

- Астана қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «№ 14 қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының (бұдан әрі – Кәсіпорын) қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
- Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

1. Кәсіпорынның қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Кәсіпорын өз қызметін жүзеге асыру барысында келесі нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа алады:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі;
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
- Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 13 қарашадағы № ҚР ДСМ-194/2020 бұйрығы «Алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына жеке тұлғаларды бекіту қағидаларын бекіту туралы»;

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 24 тамыздағы № ҚР ДСМ-90 бұйрығы «Алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы»;

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 7 сәуірдегі № ҚР ДСМ-34 бұйрығы «Дәрігерлік-консультациялық комиссия қызметі туралы ережені бекіту туралы»;

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2023 жылғы 30 наурыздағы № 49 бұйрығы «Қазақстан Республикасында алғашқы медициналық-санитариялық көмекті ұйымдастыру стандарты»;

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 106 бұйрығы «Қазақстан Республикасында стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек көрсету стандарты» туралы.

Жоғарыда аталған, Кәсіпорын қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерде жұмыс тобы тарапынан сыбайлас жемқорлыққа жүйелі түрде әкелуі мүмкін елеулі нормалар мен дискрециялық өкілеттіктер анықталған жоқ.

2. Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау келесі мәселелер бойынша жүргізілді:

Кәсіпорында персоналды іріктеу негізінен Enbek.kz порталын пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Кадрлардың өткір тапшылығы жағдайларында қосымша ретінде рекрутингтік сайттар, мамандандырылған порталдар, сондай-ақ білікті мамандарды тікелей іздеу әдістері қолданылады.

Жұмысқа қабылдау кезінде ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес тексеріледі, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы нормативтік-құқықтық актілермен белгіленген біліктілік және өзге де талаптарға сәйкестігі қаралады.

Қызметкерлерді оқыту мен біліктілігін арттыруды ұйымдастыру бекітілген жоспарға сәйкес жүзеге асырылады. Мамандар сертификаттарының жарамдылық мерзімі аяқталғанға дейін қызметкерлерге жаңа сертификат алу үшін тиісті рәсімдерден өту қажеттілігі туралы ауызша және (немесе) жазбаша түрде алдын ала хабарланады.

Қызметкерлердің командалық ауысуы тәжірибесі, сондай-ақ жұмысқа қабылдау кезінде аффилиирленгендік көріністері Кәсіпорында жол берілмейді.

Жұмысшылардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жұмыстан босатылу фактілері жоқ.

Талдау кезеңінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтармен байланысты емес тәртіптік жауапкершілікке 25 қызметкер тартылған.

Ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген талдау нәтижелері бойынша Кәсіпорын қызметінде мүдделер қақтығысы анықталған жоқ. Қызметкерлер арасында туыстық байланыстардың жекелеген жағдайлары бар, алайда «бағынышты – тікелей басшы» схемасы бойынша тікелей бағыныштылық фактілері жоқ.

Еңбекке қабылдау кезінде әрбір қызметкер құпия ақпаратты, соның ішінде пациенттердің дербес деректерін жария етпеу туралы міндеттемеға қол қояды, мемлекеттік құпияға жататын мәліметтерді қоспағанда. Ақпараттық жүйелер мен электрондық ресурстарға қолжетімділік жеке логиндер мен парольдер арқылы жүзеге асырылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша қызметкерлерге сауалнама жүргізу ерікті негізде жүзеге асырылады. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу жүйесін жетілдіру мақсатында персоналды жыл сайын тұрақты негізде сауалнамадан өткізу мәселесін қарастыру орынды. Сонымен қатар емхана ғимараттарында пациенттерге сауалнама жүргізуді ұйымдастыру және қызметкерлер арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы органдар өкілдерін тарту ұсынылады.

Коррупциялық тәуекелдерді бағалаудың объективтілігін арттырудың қосымша шарасы ретінде жұмыстан босап жатқан қызметкерлерге міндетті сауалнама жүргізу енгізілуі мүмкін, себебі еңбек қатынастары тоқтатылғаннан кейін жұмыс берушінің ықпалы айтарлықтай төмендеп, алынатын ақпараттың шынайылығы артады.

Жалпы алғанда, кадрлық процестерді талдау персоналды іріктеу, жұмысқа қабылдау және сүйемелдеу бойынша ашықтықты қамтамасыз етуге және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтуға бағытталған белгіленген рәсімдердің бар екенін көрсетеді.

Сондай-ақ ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдар тізбесі «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидаларына» сәйкес айқындалды. Аталған лауазымдарға ұйымдастырушылық-өкімдік және әкімшілік-шаруашылық функцияларды жүзеге асыратын, мемлекеттік сатып алуларды жүргізуге, қаржы қаражатын басқаруға, кадрлық рәсімдерге, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне әсер ететін шешімдер қабылдауға байланысты лауазымдар жатады. Бұл лауазымдарды атқаратын қызметкерлерге қатысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу мақсатында тұрақты негізде түсіндіру жұмыстары жүргізіледі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулердің сақталуы қадағаланады, мүдделер қақтығысы мониторингі жүзеге асырылады, іскерлік әдеп нормаларының сақталуы бақылауда болады және қабылданатын шешімдердің ашықтығы қамтамасыз етіледі.

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша лауазымдық өкілеттіктерді жеке мүддеде пайдалану, негізсіз артықшылықтар беру және өзге де сыбайлас жемқорлық көріністері анықталған жоқ.

Мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша:

Мемлекеттік қызметтер көрсету Кәсіпорында жүйелендірілген электрондық форматта жүзеге асырылады, бұл Кәсіпорындағы процестердің ашықтығын қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік қызметтер көрсету бөлігінде Кәсіпорын халыққа Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызметтер туралы» Заңы, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің өзге де ведомстволық нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес мемлекеттік қызметтерді ұсынады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді талдау дискрециялық өкілеттіктердің, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жасалуына ықпал ететін нормалардың анықталмағанын көрсетті.

2025 жылдың 1 шілдесі мен 2026 жылдың 30 мамыр аралығында көрсетілген мемлекеттік қызметтер саны – барлығы: **380595**

Алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін медициналық ұйымнан анықтама беру – 613

Уақытша еңбекке жарамсыздық парағын беру – 2556

Уақытша еңбекке жарамсыздық туралы анықтама беру – 7316

Стационарға жатқызуға жолдама беру – 4181

Азаматтардың жекелеген санаттарына дәрілік заттарды, мамандандырылған емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды беру – 37499

Көлік құралын басқаруға рұқсат беру туралы анықтама беру – 132

Санаторий-курорттық емделуге мұқтаждығы туралы қорытынды беру – 517

Алдын ала міндетті медициналық тексеруден өту – 720

Медициналық ұйымның ақпараттық жүйелері арқылы электрондық түрде көрсетілген қызметтер (www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталдарын қоспағанда) – 380595

Медициналық ұйымға бекітілу – 4326

Дәрігер қабылдауына жазылу – 320832

Үйге дәрігер шақыру – 1905

Аталған қызметтер қызмет алушылардың поликлиникаға тікелей жүгінуі арқылы көрсетіледі.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша: Жүргізілген ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нәтижесінде қарастырылып отырған кезеңде Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптары мен ішкі нормативтік құжаттардың бұзылуы анықталған жоқ.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау белгіленген тәртіпке сәйкес, Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарын сақтай отырып, бекітілген мерзімдер мен рәсімдер шеңберінде жүзеге асырылады.

Әдеп кодексі мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуы:

Кәсіпорында Әдеп кодексі мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау бойынша тұрақты жұмыс жүргізіледі. Талдау кезеңінде бір жағдай анықталып, қызметкердің әдеп және деонтология талаптарын бұзуына байланысты ішкі тексеру жүргізіліп, тәртіптік комиссия отырыстары өткізілді.

Нәтижесінде қызметкерге тәртіптік шара қолданылды, кейіннен аталған қызметкер тарапынан қайталама бұзушылықтар тіркелмеген. Талдау сәтінде өзге тәуекелдердің расталуы анықталмады.

Рұқсат беру функцияларын іске асыру: жоқ. Лицензиялар бар. Бақылау-ревизиялық функцияларды іске асыру: жоқ. Қаражатты, мемлекеттік сатып алуды және тауар-материалдық құндылықтар мен негізгі құралдарды пайдалануды ұтымды бақылау жүзеге асырылады.

Қаржы қаражатын игеру және бөлу: Республикалық бюджеттен бөлінетін бюджет қаражатын ашық және есепті түрде пайдалану мақсатында емханада жыл сайын мемлекеттік сатып алулардың жылдық жоспары қалыптастырылып, бекітіледі. Бекітілген жоспар мемлекеттік сатып алу веб-порталында заңнамада белгіленген тәртіппен жарияланады және барлық мүдделі тұлғалар үшін ашық болып табылады.

Мемлекеттік сатып алулар тек бекітілген жылдық жоспарға сәйкес веб-портал арқылы жүзеге асырылады. Сатып алу рәсімдерінің барлық кезеңдері (конкурстық құжаттаманы дайындау және бекіту, хабарландыру орналастыру,

өтінімдерді қарау, хаттамаларды рәсімдеу және қорытынды шығару) электрондық форматта жүргізіледі.

Сатып алуларды жүзеге асыру кезінде Кәсіпорын келесі нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа алады:

- Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы;
- Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру қағидалары;
- Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 110 бұйрығымен бекітілген дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және мамандандырылған емдік өнімдерді сатып алуды ұйымдастыру қағидалары.

Ішкі талдау барысында мемлекеттік сатып алуларды жоспарлау, ұйымдастыру және жүзеге асыру процестері, сондай-ақ жеткізушілердің шарттық міндеттемелерді орындауын бақылау бағаланды.

Сатып алу рәсімдері қолданыстағы заңнамаға сәйкес регламенттелген және барлық кезеңдерде ашықтық пен бақылауды қамтамасыз ететін автоматтандырылған электрондық жүйелер арқылы жүзеге асырылатыны анықталды. Заңнаманы жүйелі бұзу, лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану немесе өзге де сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған жоқ.

Сонымен бірге техникалық ерекшеліктерді қалыптастыру, сатып алу қажеттілігін айқындау және шарттардың орындалуын бақылауға байланысты ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар екені анықталды. Аталған тәуекелдер ықтимал сипатта және жауапты лауазымды тұлғалар тарапынан тұрақты мониторингті қажет етеді.

Талдау кезеңінде Кәсіпорын тарапынан тауарлар, жұмыстар мен қызметтер бойынша 166 мемлекеттік сатып алу шарты жасалған.

Жасалған шарттардың біреуі жеткізушінің міндеттемелерді тиісінше орындамауына байланысты біржақты тәртіппен бұзылды. Аталған факт бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті шаралар уақтылы қабылданды. 2026 жылғы 4 маусымдағы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот шешімімен жеткізуші мемлекеттік сатып алулардың жосықсыз қатысушысы деп танылды.

Бұл жағдай шарттық міндеттемелердің орындалуын бақылау тетіктерінің жұмыс істейтінін және бұзушылықтар анықталған жағдайда жедел әрекет ету шаралары қабылданатынын көрсетеді. Сыбайлас жемқорлық құрамдас бөлігі анықталған жоқ.

Жалпы алғанда, қаржы қаражатын игеру және бөлу, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастыру саласындағы ішкі талдау нәтижелері бойынша жүйелі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады. Дегенмен ықтимал тәуекелдердің алдын алу мақсатында техникалық ерекшеліктерді қалыптастыруды бақылауды күшейту, сатып алуларды жоспарлаудың негізділігін арттыру және шарттардың орындалуын мониторингтеу жұмыстарын жалғастыру ұсынылады.

Қоғамдық мониторинг нәтижелері:

2026 жылғы 6 ақпанда Қоғамдық бақылау орталық штабы Кәсіпорын қызметіне қоғамдық мониторинг жүргізді. Мониторинг нәтижесінде емхана халыққа медициналық қызметтерді толық көлемде көрсететіні анықталды.

Мониторинг барысында келушілер мен пациенттер арасында медициналық қызмет сапасы және азаматтардың, соның ішінде созылмалы аурулары бар пациенттердің заңды мүдделерінің сақталуы бойынша ауызша сауалнама жүргізілді. Нәтижесінде шағымдар мен наразылықтар тіркелмеген.

Пациенттердің жұмыс басшылығы мен медициналық персонал туралы пікірлері жалпы алғанда оң сипатта, бұл медициналық көмекті ұйымдастыру деңгейінің тиісті екенін және қызмет көрсету сапасына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің төмендегенін көрсетеді.

Қорытындылар:

Кәсіпорын қызметіне жүргізілген ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нәтижесінде төмендегілер анықталды.

Кәсіпорын қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер жалпы алғанда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына жағдай жасайтын ережелерді қамтымайды. Жүйелі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жасалуына ықпал етуі мүмкін дискрециялық өкілеттіктер анықталған жоқ.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет саласында кадрлық рәсімдердің ашықтығын қамтамасыз етуге, еңбек заңнамасының талаптарын сақтауға, мүдделер қақтығысының алдын алуға және құпия ақпаратты қорғауға бағытталған қажетті тетіктер қалыптастырылған. Талдау кезеңінде лауазымдық өкілеттіктерді жеке мүддеге пайдалану, негізсіз артықшылықтар беру және өзге де сыбайлас жемқорлық көріністері анықталған жоқ.

Мемлекеттік қызметтер көрсету негізінен мемлекеттік ақпараттық жүйелер арқылы электрондық форматта жүзеге асырылады, бұл қызмет көрсетуші мен қызмет алушы арасындағы тікелей байланысты азайтып, рәсімдердің ашықтығын қамтамасыз етеді және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетеді.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының, сондай-ақ ішкі нормативтік құжаттардың бұзылуы анықталған жоқ. Өтініштерді қарау Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің талаптарына сәйкес, белгіленген мерзімдерде жүзеге асырылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын және Әдеп кодексі нормаларын сақтау саласында жүйелі профилактикалық жұмыс жүргізілуде. Талдау кезеңінде анықталған әдеп нормаларын бұзудың бір реттік жағдайы белгіленген тәртіппен қаралып, қызметкерге тәртіптік шара қолданылды. Қайталама бұзушылықтар тіркелген жоқ.

Мемлекеттік сатып алуларды жоспарлау және өткізу процестерін талдау көрсеткендей, сатып алу қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жүзеге асырылады. Мемлекеттік сатып алу саласындағы жүйелі бұзушылықтар мен сыбайлас жемқорлық факторлары анықталған жоқ. Сонымен қатар техникалық ерекшеліктерді қалыптастыруға, сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің қажеттілігін айқындауға, сондай-ақ жеткізушілердің шарттық міндеттемелерді орындауын бақылауға байланысты ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдері сақталады, бұл ішкі бақылауды тұрақты түрде күшейтуді талап етеді.

Қоғамдық мониторинг нәтижелері мен пациенттердің пікірлері Кәсіпорын қызметінің оң бағаланатынын, сыбайлас жемқорлық көріністеріне қатысты

шағымдардың жоқтығын және көрсетілетін медициналық көмектің ашықтығы мен сапасының жеткілікті деңгейде екенін көрсетеді.

Жалпы алғанда, жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша Астана қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «№ 14 қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының қызметінде жүйелі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ. Дегенмен, ықтимал сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін арттыру мақсатында жекелеген процестерді одан әрі жетілдіру қажет.

Ұсынымдар:

1. Қызметкерлерді оқыту іс-шараларын, семинарларды өткізу, түсіндіру жұмыстарын жүргізу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы өзгерістер туралы ақпараттандыру арқылы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі профилактикалық жұмысты күшейту.

2. Қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің бар-жоғы, адалдық қағидаттарын сақтау деңгейі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет туралы жыл сайын анонимді сауалнама жүргізуді ұйымдастыру, сондай-ақ жұмыстан босатылатын қызметкерлерге сауалнама жүргізу тәжірибесін енгізу.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулердің сақталуына мониторинг жүргізуді жалғастыру, ықтимал мүдделер қақтығысын уақтылы анықтау және реттеу, сондай-ақ қызметтік әдеп нормаларының сақталуын бақылауды жүзеге асыру.

4. Техникалық ерекшеліктерді қалыптастыру, мемлекеттік сатып алуларды жоспарлау, тауарларға, жұмыстар мен қызметтерге қажеттілікті айқындау, сондай-ақ жеткізушілердің шарттық міндеттемелерді орындауы кезінде ішкі бақылауды күшейту.

5. Конкурстық комиссия мүшелерімен, қаржы, кадр және мемлекеттік сатып алу салаларына жауапты қызметкерлермен мемлекеттік сатып алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасының талаптарын сақтау мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жалғастыру.

Жұмыс тобы:

_____ Тапенов Қ.Т.
_____ Ильясова Э.Т.
_____ Кадырова А.А.
_____ Ермагамбетова Г.А.
_____ Мансур Р.Е.

Комплаенс-офицер: **А. Калханова**

Жүргізілген талдау нәтижелерімен таныстым:

Директор **Кусаинов Г.Х.**